

Бекітемін
Директоры

Г.К.Шакенова

«Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» КММ
кешені

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары
Директордың тәрбие ісі-жөніндегі

№	Мазмұны	Өткізу формасы	Уақыты	Жауапты тұлға
1	« Жемқорлықсыз болашақ»	Флешмоб	Қазан	Балжанова А Жанболатова Н Мукашева Ж
2	«Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді!»	Тәрбие сағаты	Қараша	Сансызбаев А Қ.Нугуманова
3	«Әлеуметтік желі әлемі»	Бейнебаян	Желтоқсан	Мендикулова Ұ
4	«Біз жемқорлыққа қарсымыз»	Сауалнама	Ақпан	Мамабеткулова Т
5	«Адал бол»	Акция	Наурыз	Балжансва А
6	«Салауатты өмір »	Кездесу	Сәуір	Дәрігер Ұ Табанова
7	« Қоғамдағы тәртіп негіздері»	Тәрбие сағаты	Наурыз	ШагатаеваГ Нугуманова Қ
8	«Балалар денсаулығы – ұлт денсаулығы»	Спорттық ойын	Сәуір	Сансызбаев А Қ.Унгарбаев

орынбасары

В.С.Габитов

Мәлімет

Ақтөбе облыстық «мектеп –интернат-колледж» кешенінде жоғарғы класс оқушылары мен колледж студенттері аралығында «Жемқорлықсыз болашақ» ерекше флешмоб өткізілді. Шара-сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру, адалдық пен риясыз адалдықты көтермелеу мақсатында өтті. Флешмоб биінің музыкасына « Жаса! Қазақстан!» әнін қойды, әнінің авторы Ержан Серікбаевтікі, сөзі Анар Жапаркулова. Би колледждің студенті Дүйісбаева Гулжанаттың жетекшілігімен өткізілді. Оқушылар қоғамдағы белең алған сыбайлас жемқорлық індетіне наразылығын би арқылы білдірді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымын», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес әркімнің ісі» паракшалары таратылды. Флешмоб биі жоғары деңгейде өткізілді, барлық оқушылар көтеріңкі көңіл күйде болды.

Жауаптылар: Балжанова А
Жанболатова Н
Мукашева Ж

Жемқорлықсыз болашақ



Мәлімет

Ақтөбе облыстық «мектеп –интернат-колледж» кешенінде жоғары класс және орта буын оқушылары арасында жемқорлықтың алдын-алу, пайда болу жағдайларын көрсетіп, оның арты заңмен жазалатынын негізге ала отырып, әділдіке тәрбиелеу және патриоттық тәрбие беру мақсатында **«Адалдық жүрген жерде -адамдық жүреді!»** тақырыбында шара өткізілді.


Шара барысында оқушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүгінгі күннің ең негізгі мәселесі болып жатқаны туралы анықтамалар берілді.

- Жүргізушілер: 7 «ә» оқушылары Р.Хасанов пен Қ.Мустафин
- 8 «а» оқушылары А.Сансызбаевтың жетекшілігімен жол ережесіне байланысты көрністі сахналап көрсетті.
- 8 «ә» оқушылары Қ.Нугманованың жетекшілігімен медицина саласы бойынша көрністі сахналады.
 - 9 «а» мен 8 «б» оқушылары А.Кұрмансейтова мен К.Сейітмұратованың жетекшілігімен коммерциялық сала бойынша көрністі көрсетті.
- Шара соңында 8 «ә» класс оқушысы Кенесов Мадияр «Қазақстан» әнін орындады.

Шара соңында оқушыларға әрқашанда адамдық жақсы қасиеттері сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімен жетуге тырысып, жемқорлықпен күресуге үлестерін қосып, мемлекетімізге адал болуға шақырылды.

Жауапты: Сансызбаев А

«Адамдық жүрген жерде – адамдық жүреді»



Мәлімет

Ақтөбе облыстық «мектеп –интернат-колледж» кешенінде ұйымдастыруымен жоғарғы класс және колледж оқушылары арасында балаларға әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны туралы мағлұмат беру мақсатында **«Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы рөлі: Әлеуметтік желі! «азық», азап па?»** тақырыбында сабақ өткізілді. Бұл сабаққа колледж студенттері мен жоғарғы класс оқушылары қатысты. Сабақ барысында оқушыларға қазіргі «21 ғасыр білім мен ғылымның ғасыры болады »деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай ақпараттық технологиямен жұмыс жасауға бет бұрып келетіндігі айтылды. Соның ішінде интернет пен ватцап, агент, ВК арқылы әлеуметтік желілердегі жаңалықтарды біліп отырса, екінші жағынан зиянды жақтары да айтылды. Интернет пен агент оқушылардың санасын улап, ойлау қабілеттерін тоқырауға ұшырататындығы айтылды. Сабақ соңында оқушыларға «Бүгінгі менің өз ойым»атты оқушыларға топтық жұмыстар берілді. Сұрақ-жауап арқылы оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Жауапты: Мендикулова Ұ

ӘЛЕУМЕТТИК ЖЕҢІЛДЕРІ ӘЛЕМ



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ САУАЛНАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сауалнамаға 9-11 сынып оқушылары қатысты. Бұл сауалнаманы алудың мақсаты:

Оқушылардың заңды мүдделері мен еркіндіктерін құқықтарын сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жол бермеу жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; мектепшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы оқушылар ынтымақтастығын кеңейту және жандандыру. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың жемқорлық туралы мәліметті толық игермегені анықталды.

1. Сыбайлас жемқорлықтың туындау себебі?

-Біледі - 9

-Білмейді -6

2. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолы?

-Біледі - 12

-Білмейді – 3

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына өзгерістер енгізу қажет пе?

-ия - 7

-бәрі бар– 8

4. Заң бұзушылық көбіне көбіне болатын қызмет? (дәрежесін 10 баллдық шкаламен белгіле)

-прокуратура - 2

-полиция - 4

-сот - 5

-салық қызметі -8

-кеден қызметі -4

-білім ұйымдары -1

-медицина - 3

-қалалық әкімшілік -2

-аудандық әкімшілік - 1

-білмеймін – 3

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» САУАЛНАМА

- 1) Сыбайлас жемқорлықтың туындау себебі? Сіздің пікіріңіз?
 - а) Адамның сана-сезіміне байланысты;
 - ☒ б) Табыс көзінің аздығына байланысты;
 - б) Қызметпен байланысты;
- 2) Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың жолы.
 - а) Заңды күшейту;
 - ☒ б) Қызметкерлердің айлығын көтеру;
 - б) Қызмет орның ауыстырып тұру;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына өзгерістер енгізу қажет пе?
 - ☒ а) Иә, жауаптылықты күшейту қажет;
 - б) Жоқ, Заңда бәрі қарастырылған;
- 4) Заң бұзушылық көбіне болатын қызмет?
 - а) Қаржы қызметі;
 - в) Басшылық қызметте;
 - ☒ б) Мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 5) Сыбайлас жемқорлық бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға көңіліңіз толама?
 - а) Иә;
 - б) Жоқ;
 - ☒ в) Білмеймін;
- 6) Оқытушыларға арналған сыйлықтардың қайсысын пара деп есептеуге болады?
 - а) гүлдер
 - ә) кәмпит қорабы
 - ☒ б) ақшалай сома
- 7) Біздің мектепте паракорлық жағдайлар кездесе ме?
 - а) өте жиі
 - ☒ ә) жоқ
 - б) жиірек

Мәлімет

«Адал ұрпақ» ерікті оқушылар клубының «Адал бол» атты акциясы өтті.

Акцияның мақсаты: Біз сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті бала кезден қалыптастыруымыз керек. Осы ретте, өскелең ұрпақтың жат қылықтардан бойын аулақ ұстап, Отанына адал әрі тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болып өсуіне ықпал жасау.

Акция барысында мектеп оқушылары 7 «ә» оқушысы Мустафин Қайыржанға көмек көрсетілді. Қайыржан аз қамтылған отбасына жататындықтан бір үйдің баласындай әр оқушы мен педагогтар заттай материалдық көмек жасалды. Отбасы мүшелері қуанып, шын көңілмен ризашылықтарын білдірді.

Жауапты: Балжанова А



Мәлімет


«Адал ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен «Салауатты өмір салты» тақырыбында мектеп дәрігерімен арнайы кездесу өткізілді. **Іс-шараның мақсаты** – жасөспірімдер арасында денсаулық мәдениетін қалыптастыру, зиянды әдеттердің алдын алу және дұрыс өмір салтын насихаттау.

Кездесуге жоғары буын оқушылары мен колледж студенттері қатысты. Шара барысында дәрігер:

- дені сау болудың негізгі қағидалары,
- дұрыс және теңгерімді тамақтану,
- физикалық белсенділіктің маңызы,
- ұйқы тәртібі мен күн режимі,
- зиянды әдеттердің (темекі, алкоголь, электронды темекі және т.б.) ағзаға кері әсері,
- алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері

туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Кездесу соңында қатысушылар салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын атап өтті.

Жауапты: Табанова Ұ



Мәлімет

Ақтөбе облыстық «мектеп –интернат-колледж» кешенінде жоғары класс және колледж оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін бағытталған құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу өткізілді. Аталған кездесу шарасына жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор полиция лейтенанты А. Муханбетова және полция аға лейтенанты М.Болатбаева қатысып, «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында оқушылардың заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру , кәмелетке толмаған жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта жүруін болдырмау және қылмыстың алдын алу мақсатында әңгіме жүргізілді. Дәріс көптеген мәселелерді қамтыды. Құқық қорғау өкілдері оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Кездесу барысында бейнероликтер көрсетілді. Құқық бұзушылықты болдырмау мәселелері бойынша оқылған дәріске оқушылар, студенттер белсенді қатысты. 10а класс оқушысы Жакаева Аружан -Жасөспірімдердің түнде көшеге шығуы қай уақытқа дейін шектеледі?

-Белгілі уақыттан асса қандай шаралар қолданылады?

201 тобынын оқушысы Дандыбаев Серик :

-Қылмыс жасағаны үшін жасөспірімдерге қандай жаза қолданылады?

Дәріске катысушы оқушылар қойған сұрақтарына толық жауаптарын, өздеріне кажетті мәліметтерін алды.

Жауаптылар: ШагатаеваГ
Нугуманова К

«Қоғамдық тәртіп негіздері»

ИДН инспекторымен кездесу



Адал ұрпақ-Мәңгілік ел болашағы бағдарламасы
бойынша жоғарғы класс оқушылары арасында өткен
«Балалар денсаулығы – ұлт денсаулығы» атты футбол
ойынының өтілу барысы туралы


Мәлімет

Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында «Балалар денсаулығы – ұлт денсаулығы» атты футболдан жарыс өткізілді. Шара барысында оқушылардың уақытын тиімді пайдаланып, бойына салауатты өмір салтын қалыптастырып, спортқа, эстафеталық ойындарға қызығушылықтарын арттырып, жаман әдеттен аулақ болып, достық пен ынтымақшылдыққа баулу жұмыстары жүргізілді.

Футбол ойыны мектебіміздің жоғарғы класс оқушылары мен физика-математика мектебінің оқушылары арасында өтті. Жарысқа екі мектеп оқушылары жақсы дайындықпен келген. Ойын тартысты өтті. Ойын нәтижесі 0:3 есебімен мектеп-интернат-колледж оқушыларының жеңісімен аяқталды. Ойын барсында 9 «а» класс оқушысы Бөкеев Нұрмұқан мен 8 «а» класс оқушысы Батиев Алихан белсенділік танытып, шеберліктерін көрсетті. Шара соңында жеңіске жеткен команда мақтау қағазымен марапатталды.

Жауаптылар: Қ. Унгарбаев

А. Сансызбаев



«Адал ұрпақ – Мәңгілік ел болашағы»

Футбол(Колледж студенттерімен жолдастық кездесу)



